




ЖШС “БОПАЙ” балабақшасы



**“Аталар мектебі”
жобасының
“Қарттарым-асыл қазынам!”
тақырыбы
“Балапан” және “Алақай” тобы**

Тәрбиешілер:
Кайкенова М.А
Дюсова А.С
Дартаева М.Ж

Ақтөбе-2024 жыл

“Қарттарым-асыл қазынам” тақырыбына байланысты “Аталар мектебінің” жобасының ұйымдастырылған іс-шарасы.

Залда әсем әуен ойнап тұрады. Іс-шара өтетін жер салт-дәстүрге байланысты жабдықталады, балалар ұлттық киіммен келеді. Киіз үй керегесінің сахна жасалады.

Іс-шарасының жоспары:

1. Аталармен танысу.
2. Салт-дәстүрді білесізбе?
3. Атадан қалған сөз
4. Ұлттық ойын түрлері.

Бүгін біз балабақшамызда «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасынның максат, міндеттерін іске асыру барысында құрылған «Аталар мектебі» жобасының, «Қарттарым-асыл қазынам!» тақырыбында ұйымдастырған іс-шарасын бастаймыз. Осы іс-шараға «Балапан» және «Алақай» тобының аталары катысып отыр.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасынның мақсатына тоқталар болсақ, Ол дегеніміз: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Ал, құндылық дегеніміз-біздің ойымыз бен мінез- құлқымызды басшылыққа алатын принцип. Оның ішінде тәрбие құндылықтарының үш таған бар. Олар: Ұлтық мүде, Ар-ұят, Талап.

Міне, осы тәрбие құндылықтараның үш тағаны бойынша жас буын бүлдіршіндерге ерте жастан Сіз болып, біз болып жан -акты тәрбие бере алсақ: онда болашақта біздің балдырғандармыз өз ұлтының барлық салт- дәстүрін білетін, өз елін, жерін, табиғатын қорғай алатын, Қазақстан Республикасының барлық құндылықтарын сақтай алатын, бойында ар-ұяты қатар қалыптасқын, салатауытты өмір салтын ұстана алатын, жеке де, ұйыммен де жұмыс жасау барасында сыни тұрғыдан ойлай алатын, технологиялық және цифрлық

дағдыларды жетік менгерген, жан-жағымен, ортамен дұрыс карам-катынас жасай алатын, білім мен жаңаны тани білуге кұштар, іздемпаз, акылды да саналы болатынына сенімдіміз.

Ендеше, іс-шарамызды бастайык.

Ал, енді бүгінгі ортамазға келген аталарды таныстырып өтейін.

“Алақай” тобының тәрбиеленушысы Сұлтанның атасы
Әбдіхалық Нұржанұлы.

Екінші ата “Бәйтерек” тобының тәрбиеленушысы Сардардың
атасы Самат Қойшыбайұлы

“Балапан” тобының тәрбиеленушысы Алдиярдың атасы
Қамалхан Қуанұлы

“Алақай” тобының тәрбиеленушысы Айсұлтанның атасы Әлібек
Мырзағұлұлы

Аталарды төрлетіп киіз үйге отырғызамыз. Балалардың өнерің
тамашалайды.

Үш бала асық пен “Ханталапай” ойын ойнап таласып
бір-бірлерін ренжетеді. Апайы қасына келіп балаларды
достастырып аталары қонаққа келгені айтып қастарына барып
амандасады. Сол кезде Алдиярдың атасы дос туралы аңыз
айтады. Балаларды тату, мейірімді дос болу керектігін
түсіндіреді. Балалар қызығушылықпен тындады.

Қабыл Қайсардың “Отан туралы” тақпағы.

Әлібеков Айсұлтанның “Ата” туралы тақпағы.

Болат Асылайдың “Ана” туралы тақпағы.

Мұхтар Сұлтанның “Дос” туралы тақпағы.

Аталарымыз қазақтың ұлттық құндылықтың бірі-қамшы туралы мәлімет айтады.

Баға жетпес ұлттық құндылығымыздың бірі-қамшы. Бұл бүгінде әр қазақтың шанырағын сән беретін ұлттық бұйым. Халқымыздың тұрмыз тіршілігінде, салт-дәстүрінде қамшының алатын орны ерекше. Қамшы жасалуына қолдануына байланысты бірнеше түрге бөлінеді оның әр қайсының атқаратын қызметі, мақсаты, мағынасы бар. Қамшы үш өрімнен бастап 40 өрімге дейін барады. Қамшыны оң қолға екі бөктеп ұстайды. Атқа мініп жарасқанда қолдарына қамшысын тастамады.

Балалардың атқа мініп жарысып ойнады. "Алақай" тобының қыздары "Торсық" биін биледі.

Аталарға салт-дәстүрге байланысты сұрақ қойылды...

- 1) 7 санына байланысты салт дәстүр білесізбе?
(7 ата, 7 қазына, 7 күн, 7 нан)
- 2) Қазақ елінде ертеден келе жатқан мейрамдарды атаныз ?
(Ораза айт, Рамазан айт, Наурыз айт, Сабан той)
- 3) Батаның қандай түрін білесіз?
(Наурыз бата, Жас отауға бата, Ас қайыру батасы және т.б)

Аталар салт-дәстүрге әдет-ғұрыпқа байланысты сұрақтарға беделді жауап берді. Баллардың ата-әжелеріне арналған әнің тамашалады.

Іс-шараларымыз аяқталуына байланысты аталар балаларына өз батасын берді.

Жүргізуші аталарға құрмет көрсетіп ризашылығын көрсетіп алғыс хат ұсынды.

Құрметті аталарымызға мың алғыс айтқым келеді. Немерелеріңізді бүгінгі "Аталар мектебі" атты іс-шарамызға қолдап келгендеріңіз үшін рахмет. Дендеріңіз сау

болып ,еліміз тыныш немерелерініз жақсы қылықтармен қуанта
берсін.Бақытты ғұмырлы болсын!











